

## Қазақстан Республикасында сәулет-қала құрылысы бақылауын жетілдіру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 24 қаңтар N 88

"Қазақстан Республикасындағы сәулет және қала құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы мен "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына сәйкес мемлекеттің міндеті болып табылатын сәулет-қала құрылысы бақылауын жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі жанындағы таратылатын сәулет-қала құрылысы бақылауы департаменттері базасында шаруашылық жүргізу құқығына негізделген республикалық мемлекеттік кәсіпорындар мәртебесімен Жобаларды мемлекеттік ведомстводан тыс сараптау (Мемсараптама), Сәулет-қала құрылысы қызметін лицензиялаудың мемлекеттік орталығы (Мемқұрылыслицензия) және Мемлекеттік сәулет-құрылыс инспекциясы (Мемқұрылысинспекция) облыс орталықтары мен Ақмола және Алматы қалаларында өздерінің еншілес мемлекеттік кәсіпорындарымен қоса құрылсын.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 1998.04.20. N 353 қаулысымен.  
Р 9 8 0 3 5 3 \_

2. Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Тұрғын үй және құрылыс саясаты жөніндегі комитеті осы Қаулының 1-тармағында аталған республикалық мемлекеттік кәсіпорындарды мемлекеттік басқару органы болып белгіленсін.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 1998.04.20. N 353 қаулысымен.  
Р 9 8 0 3 5 3 \_

3. Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Тұрғын үй және құрылыс саясаты жөніндегі комитеті қолданылып жүрген заңдарға сәйкес құрылып жатқан мемлекеттік кәсіпорындар мен министрлік арасындағы сәулет-қала құрылысы бақылауы міндеттерін жүзеге асыру жөніндегі өкілдікті ажырату арқылы олардың құрылтайшылық құжаттарын екі айлық мерзімде әзірлеп бекітсін.

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 1998.04.20. N 353 қаулысымен.  
Р 9 8 0 3 5 3 \_

4. Құрылып жатқан сәулет-қала құрылысы бақылауының республикалық мемлекеттік кәсіпорындарды таратылатын департаменттердің құқықтық мұрагерлері

болып табылады және бұрын белгіленген нормативтік актілер, егер қолданылып жүрген заңдар мен осы қаулыға қайшы келмесе, оларға қолданылатын болып белгіленсін.

5. Осы қаулыға сәйкес құрылған сәулет-қала құрылысы бақылауының республикалық мемлекеттік кәсіпорындары республикалық мемлекеттік тізбесіне енгізілсін.

6. Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Тұрғын үй және құрылыс саясаты жөніндегі комитеті мен Әділет министрлігі республика Үкіметінің бұрын қабылданған шешімдерін осы Қаулыға сәйкес келтіру туралы ұсыныстарын Қазақстан Республикасы Үкіметіне екі ай мерзімде енгізісін.

ЕСКЕРТУ. 6-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 1998.04.20. N 353 қаулысымен.

Р 9 8 0 3 5 3 \_

7. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі жанындағы сәулет-қала құрылысы бақылауы органдары туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 23 наурыздағы N 289 қаулысы;

"Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі жанындағы Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы департаменті туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 24 маусымдағы N 708 қаулысы (Қазақстан Республикасы ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 26, 288-бап).

"Лицензиялауға жататын сәулет-қала құрылысы қызметінің жұмыс түрлерінің тізбесін, Қазақстан Республикасында сәулет-қала құрылысы қызметін мемлекеттік лицензиялау тәртібін және Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі жанындағы Сәулет-қала құрылысы қызметін мемлекеттік лицензиялау департаменті туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 11 шілдедегі N 777 қаулысындағы 1-тармақтың төртінші абзацы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 28, 319 - бап).

"Сәулет-қала құрылысы құжаттамаларына сараптау жүргізудің

тәртібі мен Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі жанындағы Жобаларды мемлекеттік ведомстводан тыс сараптау департаменті туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 26 шілдедегі N 830 қаулысындағы 1-тармақтың үшінші абзацы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 30, 346-бап).

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
бірінші орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК